



Арқалық
қаласындағы
Облыстық №2
әмбебап
ғылыми
кітапхана

Кітапхана тынысы

Библиодайджест

Арқалық қаласы
2022 жыл



Кітапхана тынысы

Шығарылады
қаңтар 2022 ж.
Библиодайджест №1

КММ Арқалық қаласының облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы

Мазмұны

- ✚ БИБЛИОГИД
- ✚ АТАУЛЫ КҮНДЕР
- ✚ МЕРЕЙТОЙЛАР
- ✚ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР
- ✚ БОЛАШАҚҚА ЖОСПАР

1 бөлім

- ✚ БИБЛИОГИД

« Қош келдің алғашқы оқырман »

Кітап әлемі шексіз. Кітаптың балаға берер азығы мол екені бәрімізге белгілі. Баланы білімді, рухани бай етіп тәрбиелеу үшін, кітап оқуға баулуымыз керек. Осы мақсатта «Қош келдің, алғашқы оқырман!» атты бірінші оқырманға арналған мереке өткізілді. Аталмыш акция жыл сайын

ұйымдастырылып, биыл да дәстүрлі түрде өз жалғасын тапты. 2022 жылдың бірінші жұмыс күнінде кітапхана өзінің алғашқы оқырмандарын қабылдады. Алғашқы оқырманды Аяз ата, Қызыл телпек және Мыстан кемпір қарсы алды. Балаларға арналған іс-шараға кітапхананың тұрақты және үздік оқырмандары қатысты. Кітапханашылар бүлдіршіндерді сан түрлі кітаптармен таныстырып, кітап әлеміне саяхатқа шақырды. 2022 жылдың «Қош келдің, алғашқы оқырман!» деген атаққа Кейкі батыр атындағы № 4 мектептің 3 «Г» сыныбының оқушысы Бейбіт Нүрәлі ие болды. Жас оқырмандар ұйымдастырушыларға балалық ризашылықтарын білдіріп, өнерлерін көрсетті.



«Тәуелсіз елдің заңғар тұлғасы»

Мемлекет қайраткері, ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбековтың 85 жылдығына «Тәуелсіз елдің заңғар тұлғасы» - атты күнделік көрмесін назарларыңызға ұсынамыз. Әулиеата топырағында туған Мырзатай Жолдасбековтың балалық дәурені соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Жоқшылықтан тез есейіп, үлкен өмірге ерте араласты. Жоғарғы сыныпқа дейін жоқшылықта өсіп, суық түскенше жалаңаяқ жүруге мәжбүр болған бала Мырзатай алты бармағынан ұялып, үнемі жасырып-жауып жүріпті. Ауылдағы би кештері онсыз өтпейді, себебі гармон тартатын жалғыз адам - Мырзатай. Сондай кештерде сол аяғымен оң аяғының бармақтарын түгел жауып отырып, гармон тартады екен. Тәуелсіздік алған кейін да



күрделі жылдары М. Жолдасбеков Елбасының сенімді серіктерінің бірі болды. ҚР мемлекеттік кеңесшісі, Премьер-министрдің орынбасары, Президент кеңесшісі қызметтерін абыроймен атқарып, жаңа республиканың іргесін қалауға сүбелі үлес қосты. Ел астанасын ауыстырғанда да, Жолдасбеков Сарыарқа төріне қоныс аударған алдыңғы лектен табылып, жаңа астанамыздың көркеюі мен дамуы жолында

тер төкті.

« Дархан мінезді дарын » көрме арнау

Ұлы Отан соғысының жауынгер партизаны, ақын Жұмағали Саинның туғанына 110 жыл толуына орай « Дархан мінезді дарын » атты бейне көрме арнауы өткізілді.



« Ұлылар мұрасы - ұрпаққа өнеге » Кітап көрмесінің тұсау кесері



Төл тарихымызда орын алатын Алаштың ардақтысы , Ұлтымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай, ғұмыры мен шығармаларын насихаттау мақсатында «Ұлылар мұрасы – ұрпаққа өнеге» атты кітап көрмесінің ашылу салтанаты болып өтті. Іс-шараға Арқалық қаласының құрметті азаматы, белгілі өлкетанушы, оюшы Шөптібай

Байділдәұлы, Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институтының доценті, аға оқытушысы, Абдуллина Ардақ Әмірханқызы, «Қостанай таңы» газетінің меншікті тілшісі Мұрат Жүнісов , ҚР білім беру ісінің үздігі, ұстаз

Қарлығаш Жақыпбекқызы қатысты. Шәптібай Байділдәулы Алаш ардақтысының өмірінен сыр шертсе, ұстаз Ардақ Әмірханқызы Ахметтану ғылымы жөнінде ойларымен бөлісті. Сондай-ақ Ахметтің осы кезеңге дейін халық әні аталып келген «Аққұм» әні Қарлығаш Жақыпбекқызының орындауында көрерменге жақсы әсер қалдырды. Іс- шара барысында Торғай мұражайлар кешеніне қарасты Ахмет пен Міржақып мұражайына жасалған тақырыптық экскурсиядан оқырмандар мол мағлұмат алды.



«Алаш арыстарының нағыз жоқтаушысы»

Белгілі жазушы Қазақстан Журналистика академиясы «Алтын Жұлдыз» сыйлығының және М. Дулатов атындағы сыйлықтың иегері Қайсар Әлімнің 75 жас мерейтойына арналған «Алаш арыстарының нағыз жоқтаушысы» атты абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен Назипа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттер үйінде әдеби кеш өткізілді.




Кеш барысында студенттерге ақынның өмірі, шығармашылық, қызметтік жолдары, сондай-ақ ақынның марапаттары мен жүлделері жайында ақпарат берілді. Кеште Қайсар Әлім туралы әріптес лебіздерінің бейнежазбасын тамашалады және студент қыздар Қонарбай Жібек жазушыға арнаған арнауларын оқыса, Нағашыбай Гүлсезім күнделік беттерінен үзінділер оқыды. Кеш соңында Бейсенбек Амандықтың орындауында «Туған жер» әнін тыңдап, студенттер кітап көрмесін тамашалап, іс-шарадан мол мағлұмат алып, ыстық ықыластарын білдірді.



«Алаштың бір көкжалы Елдес деген»

Алаш қайраткері, ғалым Елдес Омарұлының өміржолы мен қызметі, жазған еңбектерімен таныстыру, қазақ ғылымы үшін қосқан үлесі туралы оқырмандарға мағлұмат беру мақсатында ақын, жазушы, Әлем халықтары жазушылары одағының мүшесі Ақылбек Қожаұлы Шаяхметпен ZOOM платформасы арқылы кездесу өтті. Елдес Омарұлы Қостанай өңірінің Тобыл болысында, қазіргі Таран ауданына қарасты Қожай ауылында 1892 жылы дүниеге келген. Әуелі Ыбырай Алтынсарин ашқан Қостанайдағы екі жылдық қазақ-орыс мектебінде білім алып, кейін Орынбордағы мұғалімдер институтын үздік бітіріп шығады. Азамат соғысы жылдары Елдес Омарұлы Қостанай уезі бойынша «Алаш Орданың» комиссары және Қостанайдағы бөлімшесінің төрағасы дәрежесінде қызмет етті. 1920 жылдардан бастап Орынбордағы халыққа білім беру комиссариатының мектеп бөлімінде қызмет ете жүріп, өлкелік академиялық орталықтың қызметкері болды. Қоғам қайраткері, публицист, ұстаз, аудармашы Елдес Омарұлы Орынборда шығатын «Қазақ» газетінің белсенді авторларының бірі болды. Оның әріптестері мен достары Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов сияқты көрнекті қоғам қайраткерлері болды. Қазақ мектептері үшін арнаулы оқулықтар жазып, бірқатар кітаптарды орыс тілінен қазақ тіліне аударады. Ғалымның көптеген кітаптары Орынбор, Ташкент, Қызылорда қалаларында жарық көреді. Бұл кітаптардың біразы тілтануға, қазақ тілінің грамматикасына арналса, енді біразы хрестоматиялық негізде құрастырылған.



« Әйел деген әдемі ғой, әдемі »

Сұлулықтың, нәзіктіктің және сүйкімділіктің символына айналған 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай, облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімінде «Әйел деген әдемі ғой, әдемі» атты арнайы дайындаған кітап көрме-арнау оқырмандарға ұсынды. Кітап көрменің басты мақсаты – қазіргі қоғамдағы әйелдердің рөлін, әйел-ана, әйел-әже екенін көрсету. Әлемдегі жақсылық көзі, адамдық қасиет, ақ тілек мейірбандық - бәрі әйел. Ана... бар болғаны үш әріп. Дүниедегі ең қымбат сөз. «Анасы бар адамдар, ешқашан қартаймайды». Расында да анамыз барда біз өзімізді әлі де сәбидей, қорғаны бар балапандай, аспаны бар жұлдыздай, көктемі бар желдей, жазы бар жайнаған гүлдей, күзі бар жаңбырдай, қысы бар қардай сезінеміз. Көрмеге кітапхана қорынан 30-қа жуық әдебиеттер: «Ұлы даланың ұлы қыздары», С. Ақтаевтың «Қазақ ханымдары», «Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар», Б. Қасымованың «Қазақстанның қыздары – Ұлы Отан соғысы жылдарында», Ф. Онғарсынованың, М. Айтхожаның, С. Досжанның кітаптары, ана туралы фотоальбомдар, аналарымызға арналған журналдар қойылды. Қымбатты, нәзік, аяулы әйелдер! Сіздерді көктем мерекесі, сұлулық пен махаббат мейрамы - 8 наурызбен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл күн Сіздерге тамаша көңіл-күй сыйласын, барлық тілектеріңіз орындалсын!



«Талантымен танылған дарын»



Өнер секторының ұйымдастырумен қазақ өнерінің көрнекті өкілі, профессор, композитор Бақытжан Байқадамовтың 105 жылдығына арналған "Талантымен танылған дарын" тақырыбындағы тұрақты көрменің тұсау кесер рәсімі өтті. Іс-шараға композитордың тікелей ұрпағы, жиені Таткенова Жұпар Жалмұханбетқызы қатысып, әулеттерінің, оның ішінде Бақытжан Байқадамовтың өміріне байланысты құнды деректерімен бөлісті. Бұдан бөлек, сазгердің

шәкірттері, шәкірттерінің шәкірттері сөз алып, естеліктер айтылды. Жергілікті Бақытжан Байқадамов атындағы саз мектебінің оқушылары жерлесіміздің әндерін шебер орындап, кездесудің мерейін асырды. Арнайы дайындалған тұрақты көрмеге шолу жасалып, көпшілікке насихатталды.

«Балалар кітаптарының сиқырлы әлемінде»

Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастырумен 14-18 наурыз аралығында «Балалар кітаптарының сиқырлы әлемінде» атты балалар кітап апталығы ашылды. Бұл мереке біздің кітапханамыздың дәстүрлі мерекесі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы Барыс жылын «Балалар жылы» деп жариялады. Мерекенің басты мақсаты — балаларды кітапханаға тарту және оқушылардың әдеби кітапқа деген құштарлығын арттыру. Апталықтың әр күні белгілі бір тақырыпқа арналды. Бұл іс-шараны өткізудегі мақсатымыз: әр оқырманның бойына игі құндылықтарымызды сіңіріп, болашағымыздың үміт күтер азаматтары ретінде тәрбиелеу, жас оқырмандардың бойына кітапқа деген қызығушылықтарын арттырып кітапхана қорындағы жаңа әдебиеттерді оқырмандарға жарнамалау.



«Бір ел - бір кітап» Республикалық акция аясында ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай



Балалар әдебиеті бөлімінде «Бір ел – бір кітап» республикалық акция аясында ағартушы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай «Ақыл – ойдың асқар алыбы» атты қалалық А. Байтұрсынұлы өлеңдерін мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. Мақсатымыз: оқырмандарға қазақтың ақыны, қоғам қайраткері А. Байтұрсынұлының шығармашылығын кеңінен насихаттау, өскелең ұрпақты ұлттық ата-дәстүр рухына баулу арқылы жас оқырмандардың шығармашылығын шыңдау. 18 наурыз күні сағ: 10:00 де «Ақыл – ойдың асқар алыбы» атты қалалық А. Байтұрсынұлы оқулары байқауының жеңімпаздары марапатталды.

« Қазақ халқының ұлт көсемі »

Балалар әдебиеті бөлімі «Бір ел – бір кітап» республикалық акция аясында қоғам қайраткері, ғалым, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай «Қазақ халқының ұлы көсемі» атты кітап көрмесін Арқалық қаласы білім бөлімінің қосымша білім беру орталығының «Жеті қазына» үйірмесінің оқушыларымен өткізілді. Мақсатымыз оқырмандарға Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы және ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу.



«Торғайда туғаным мақтанамын»

23 сәуір - Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күні. Кітап – адам баласы ақыл-ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал, білім мен тәрбие көзі. Ол – адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі. Осы күнге орай 18-22 сәуір аралығында Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасында «Торғайда туғаным мақтанамын!» атты кітап апталығы өткізілді. Кітап апталығының бірінші күнінде ақын Нұрхан Ахметбековтың 120 жылдығына арналған «Торғайдың топтан озған дүлдiлi» атты әдеби-музыкалық қонақжаймен ашты. Іс - шара оқушыларға ақын, жерлесіміз, Жангелдин



ауданының тумасы, композитор, әнші, домбырашы, айтыскер ақын Нұрхан Ахметбеков тұлғасымен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді. Іс-шараға Дала өлкесі мұражайының ғылыми қызметкері Батырлан Сағынтаев қатысты. Оның энциклопедиялық білімі, туған өлкесін зерттеуі, туған өлкеміздің ақындарының өмірбаяндары үлкен сұранысқа ие және оқырмандардың

әрдайым жүрегіне жанды үн қосады. Батырлан Нұрхан Ахметбековтың елінің мұны мен қуанышын жырға қосқан айтыстары туралы өте қызықты мәліметтерімен бөлісті. Ақын Торғай өңірінде алғашқы ауданаралық театр құрып, оның тұңғыш директоры болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында жалынды жырларымен халықтың жігерін жандырып, жеңіске деген үмітін оятқан ақын. Н.Ахметбеков классикалық шығыс үлгілерінің желісіне орайластырып бірнеше дастан шығарған. «Мың бір түн» ертегісінің оқиғасына байланыстырып «Қамарлы заман», «Албан Жұпар ханым», өткен кезеңдердегі тарихи оқиғалар сюжетіне «Есім сері», «Қарға» дастандарын жазды. Ақынның ұзақ жылдар талмай жырлаған сүйікті кейіпкері — Амангелді батыр бейнесі. «Үрпек соғысы» өлеңі кейін «Амангелді» дастанына ұласты. Іс – шарада ақынның өлеңдері оқылып, кітаптарына шолу жасалды. Жерлесіміздің кітаптары үлкен сұранысқа ие және әрдайым өскелең ұрпақтың қызығушылығын тудырады.

« Айбынды әскер – ел қорғаны »

«Айбынды әскер – ел қорғаны» көрме экспозиция Оқу залы бөлімінде 7 мамыр - Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жылдығына «Айбынды әскер – ел қорғаны» атты көрме экспозициясы ұйымдастырылды. Көрмеге қазақ елінің сонау әскери тарихынан сыр шертетін әдебиеттер, қазақтың қолбасшылық мектебі мен әскери тәжірбиесін кеңінен насихаттайтын кітаптар мен журналдар, сонымен қатар әскерде тұтынатын заттар қойылды. Мұндағы мақсат әскери өмір туралы кітаптан оқып, заттарды көру арқылы патриоттық тәрбие беру.



«Ахмет Байтұрсынұлы – ұлы тұлға»



Ақын және аудармашы, әдебиеттанушы, түркітанушы, тіл жанашыры, саясаткер, Алаш көсемінің туғанына 150 жыл толуына арналған «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлы тұлға» тақырыбында әдеби бульвар өтті. Биылғы жылы «Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша жыл тандауында Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-әдеби шығармасы таңдалған болатын, осы орайда ұлт ұстазын ұлықтаған

шаралар жалғасуда. Шара қаланың ең көрікті орыны – Махаббат саябағында өтіп, ақынның мерейтойына арналған «Ұлт жанашыры» кітап көрмесі түрлі-түсті безендіріліп, жазушы шығармашылығына арналған баннер орнатылды. Абонемент кітапханашылары саябақта А.Байтұрсынұлының мерейтойына орай нағыз кітап мерекесін ұйымдастырды. Жиналған қауымды жазушы-ақынның өмірі мен шығармашылық мұрасымен таныстырып, көрмедегі әдебиеттерге шолу жасалды. Мұнда жазушы шығармалары бойынша викториналар, әдеби ойындар, дауыстап оқулар да өткізілді. Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдеріне көп көңіл бөлінді. Бұл акцияға Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері белсене қатысып, А.Байтұрсынұлының өлеңдерін мәнерлеп оқып, ұлы тұлғамыз жайлы өз деректерімен, ойларымен бөлісті. Осы акция арқылы жастар, студенттер ғана емес, аға буын да атақты жерлесіміздің еңбегін біліп, бағалап, жақсы көретініне куә болдық. Шара барысында әдеби бульварға қатысушылардың ізгі тілектерін білдірді, естелік суретке түсіп, әдеби бульварға деген қызығушылықтарын білдірді. Туған жеріміз Торғайда туып-өскен Ахмет Байтұрсынұлы сынды біртуар тұлғаның сан қырлы шығармашылығымен таныстыру құрметіне ие болғанымызды мақтан тұтамыз.



« Қасіретті жылдар жаңғырығы »

Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының оқу зал бөлімінде 31 мамыр— Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Қасіретті жылдар жаңғырығы» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрменің мақсаты: азаттық жолында және ашаршылық қасіретінен, құрбан болған бабаларымызды еске алу, рухына тағзым ету. Бүгінгі өскелең ұрпақтың санасына әр кітап



арқылы тарихи шындықты жеткізу, бойына отансүйгіштік, елжандылық һәм ұлтжандылық қасиеттерді сіңіру. Көрмеге жазықсыз жапа шегіп, Кеңес өкіметінің «күштеу саясаты» салдарынан жаппай аштыққа ұшыраған қазақ халқынның аянышты тағдыры, зұлмат жылдары елі мен жерін тастап кетуге мәжбүр болған, қандастарымыздың басынан кешкен тауқыметі жайлы баяндайтын құрастырушысы Берік Әбдіғалиұлының 2021 жылы шыққан «Ашаршылық. Голод» атты көп томдығы, ХХ ғасырдың 30-жылдардағы ұжымдастыру кезеңінде «32-нің зұлматы», орын алған аштықты өз көзімен көрген кәгерлер мәліметтері берілген «32-нің зұлматы», Зияда Ижановтың «Жаралы жылдар», Халық Сейткемеловтың «Шұбырынды қанды босқын», М. Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Сары кіттап», «Қазақ қалай аштыққа ұшырады», Талас Омарбековтың «Зобалаң» және «Ашаршалық» атты т.б. әдебиеттері, Алаш партиясының қатарында болған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, Ж.Арыстанұлы т.б. ұлт зиялыларының шығармаларымен қатар баспасөз беттерінен материалдар да қойылды.

«Бала еңбегін пайдалануға жол жоқ!»

«Бала еңбегін пайдалануға қарсы 12 күн» ұлттық ақпараттық науқанның аясында «Бала еңбегін пайдалануға жол жоқ!» тақырыбында көрме -үндеу ұйымдастырылды. Мақсаты: Бала тәрбиелеп отырған ата-ананың бала құқығын таптамай, қоғамда өз орынын қалыптастыра білуін реттеу. Баланың заңмен қорғалған тұлға екенін түсіндіру. Ел болашағының тамырына балта шаппай, үлкен қолдау күтетініне көз жеткіздіру. Бос уақытында оқуға даярлайтын бөлімдерге, үйірмелерге сабақ алуын қадағалап, қажетсіз еңбекке жекпеуіне сұрау салу. Қазақы менталитетте балансы орынсыз еңбекке жекпей, тек еңбекке баулу керектігін насихаттау. Бала психологиясының бұзылмауына тікелей әсер ететін ата-ананың өзі екенін түсіндіріп, отбасындағы тәрбиеге көңіл бөлдіру.



«Өмірі ұрпаққа өнеге»



«Торғай топжарғандары» жобасымен, «Өмірі ұрпаққа өнеге» тақырыбында жерлесіміз, Торғай өлкесінің тумасы, еңбек ардагері, шежіреші, өлкетанушы— фольклорист, қажы— Қуанышбай Жұмабайұлының «Ұрпаққа ұлағат» жаңа кітабының тұсау кесері өтті. Жаңа кітапқа презентация жасалды. Тұсау кесерге кітап авторының жұбайы, балалары, немерелері, туыс—туған, дос, жора — жолдастары қатысты. Арқалық қаласы «Ардагерлер» кеңесінің төрағасы

Жәнібек Ғапбасұлы, өлкетанушы—Шөптібай Байділдаұлы, БАҚ—нан тілші, журналисттер қатысты. Жаңа кітаптың тұсауын автор — Қуанышбай Жұмабайұлының жұбайы - Рузия апа мен Қуанышбай ағаның жиені — Сәулеш Сапабекқызы кесті. Кітаптың төрт бөліміне тоқталып, әр бөлімге анықтамалар берілді. Бірінші бөлімге Қуанышбай ағаның інісі—Кәкен ағай, екінші бөлімге өлкетанушы—Шөптібай Байділдаұлы, үшінші бөлімге автордың сыныптас досы—Жеңіс ағай тоқталып, әр бөлімнің ерекшеліктеріне естеліктер айтты. Шөптібай Байділдаұлының бұрынырақта «арқа дидары» теле арнасында ұйымдастырған «Ардагерлер» хабарын жүргізгенде Қуанышбай Жұмабайұлының көзі тірісінде жеке сұхбат алғаны дискда сақталған екен, содан үзінді көрсетілді. Іс—шара соңында Астанадан келген құрметті қонақ, Қуанышбай ағаның тұңғыш баласы— Мәлік Қуанышбайұлы сөз алып, әкесі жайлы естелік айтып, ұйымдастырушыларға ризашылығын білдіріп, рахмет айтты. Кітапхана қызметкері Еркінғазы Айтбаев автордың «Ұрпаққа ұлағат» өлеңін оқыса, Қуанышбай Жұмабайұлының немерелері — Томирис пен Жанайым «Әкенің орны бөлек»(Сөзі мен әні —Дулат Қайқас), «Алғыс»(әні—Ж.Төлебай, сөзі— Е.Әбілда) әндерін орындады. Іс—шара соңында кітапхана басшысы — Борибаева Қазына Байсабекқызы қатысушы қонақтарға алғысын айтты.

2 бөлім

Атаулы күндер

«Алғыспен ел көгерер»

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханамыздың ұйымдастыруымен «Сәби-Арқалық» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің қазыналы қарттарымызға алғысымызды білдіру мақсатында «Алғыспен ел көгерер» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шарада әжелер мен аталарымыз бір-біріне алғыстарын, жүрекжарды тілектерін, лебіздерін айтып, ризашылықтарын білдірді. Қарттарға арналған алғыстарын ән шашумен білдірді. Іс-шара барысында мектеп оқушыларының қатысуымен «Қырғыз бен Грузин» айтысын және өзбек биін тамашалады. Кеш соңында ризашылықтарын білдіріп баталарын берді.



«Әйел - отбасында шуақ, қоғамда тірек»



«Әйел - отбасында шуақ, қоғамда тірек» имидж студиясы. Мақсаты: болашақ ұрпаққа дүниедегі жақсылық атаулының барлығы күннің нұрынан, ананың мейірімінен тарайтынын ұғындыру, ананы қадірлеп сыйлай білуге тәрбиелеу, жас ұрпақ тәрбиесіне зор еңбек

сіңіріп жүрген үлгі тұтар нәзік жандарға құрмет көрсету, қазіргі қоғамдағы әженің, ананың, қыз-келіншектердің рөлін ашық әңгімелеу. Бұл іс-шараға зейнеткер ұстаз, ҚР Білім үздігі, Арқалық қалалық Аналар кеңесінің төрайымы Қалтаева Бақытжамал Аяғанқызы, қаламыздағы Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның басшысы Кисикова Ақтоты Жанараловна, блогер ана, вас келін Динара Ғалымжанқызы және политехникалық колледжінің студенттері қатысты. «Анаға тағзым» атты кітап көрмесіне шолу жасалды.



«Ата – салтым асыл қазынам»

«Ата – салтым асыл қазынам» атты Сейт Кенжеахметұлының «Ұлттық әдет – ғұрыптың беймәлім 220 түрі» кітабы бойынша танымдық фольклорлық кеш оқу залында өткізілді. Торғай топырағынан түлеп ұшып, барша қазаққа пайдалы іс атқарған азаматтарымыздың бірі де бірегейі белгілі жазушы – этнограф, қолөнер шебері Сейт Кенжеахметұлының «Ұлттық әдет – ғұрыптың беймәлім 220 түрі» атты танымдық-тағылымдық кітабы тәуелсіз елдің мүддесіне қызмет етуде. Кітап ұстаз – шәкірттердің қалың қауымының бірден бір оқулық құралына айналды. Халқымыздың тарихы мен мәдениетін, салт – дәстүрін терең білетін және оны көпшілікке насихаттауда қызықты әрі құнды еңбектер жазып, арнаулы жеке мектеп ашқан санаткер. Кеште фольклорлық интеллектуалдық сайыс ұйымдастырылып, кітаптарына шолу жасалды. Сейіт Кенжеахметұлы ата-бабаларымыздан мұраға қалған мыңдаған мәдени құндылықтарды бүкіл саналы ғұмыры бойы тірнектеп жинап жүрген ұлт жанашырларының бірегейі. Әр қазақстандық автордың осы құнды еңбектерін көзінің қарашығындай сақтап, мақтан тұтып, рухани азығы, ел байлығын құрайтын дүние ретінде бағаласа дейміз.



« Ата салтым – асыл мұрам, ардағым »

Ұлыстың ұлы күні және 16 наурыз - Шежіре күніне орай Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залының ұйымдастыруымен «Ата салтым – асыл мұрам, ардағым» атты этно танымдық кеш өтті. Кешіміз құрметті қонақтарымыз Шөптібай Байділдәулы мен Жәнібек Ғаббасұлының жастарға тамырын тереңнен тартқан Шежіре туралы ой саларлық әңгімесінен басталды. Қазақтың ұмыт болып бара



жатқан дәстүрлерін жаңғырту мақсатында АрПИ білім алушылары мен кітапхана қызметкерлері «Жеті ата», қазақтың ұмыт қалып бара жатқан «Біз шаншар» мен «Селт еткізер» дәстүрін шеберлікпен көрсете білді. Қоспанова Мадина мен Базар Мүнираның салған әндеріне жиналған қауым қошеметпен қол соқты. Кештің жақсы өтуіне атсалысқан Ринат пен Назылы, Әсет, Айлен, Алмас, Ақырыс сынды жастарымызға жұртшылық ризашылықтарын

білдірді. Кеш барысында тақырыптық көрмедегі ұлттық жәдігерлеріміз бен құнды кітаптар таныстырылды. Наурыздың басты тағамы Наурыз көже таратылып, ақсақалымыз бата беріп тарқасты.

« Назданып, Наурыз келді байтақ елге! »

Наурыз мейрамы қарсаңында Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының өнер секторының ұйымдастырумен "Назданып,



Наурыз келді байтақ елге!" атты әдеби-музыкалы композиция өткізілді. Жер бетіндегі ең көне мерекелердің бірі Наурыз мейрамының тарихы айтылып, халқымыздың мәдениеті, өнері, салты мен дәстүрі сөз болды. Іс-шараға қалалық "Қазына" ардагерлер хорының қариялары қатысып, жиналған жастарды ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, уақытты бағалауға,

кітап оқуға шақырды. Секторда мерекелік этнокөрме әзірленіп, ұлттық нақыштағы қолөнер, зергерлік бұйымдар мен әдебиеттер көпшілікке ұсынылып, насихатталды. Ұлттық дастархан жайылып, оқырмандарға наурыз көжеден дәм татқыздық. Дәстүр бойынша бата беріліп, Наурыздың құрметіне кішкентай оқырмандарымыздың орындауында патриоттық әндер айтылып, жақсы көңіл күймен тарқастық.



« Тұғыры биік тұлға »



Абонемент бөлімі көрнекті қазақ жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, ұлттық драматургияның негізін қалаушы, аудармашы, тарихшы, сыншы, әдебиеттанушы, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы

Ғабит Мүсіреповтың туғанына 120 жыл толуына орай әдеби кеш өткізді. Бұл іс-шара биылғы жылы біздің кітапханада өтетін Мүсірепов оқулары аясында өтті. Мүсірепов оқулары жазушының мұрасын кеңінен насихаттау және тарату, қазақ әдебиетіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, әдебиеттік оқудың жас дарындарын анықтау мақсатында өткізіледі. Мүсірепов оқулары аясында біздің бөлімде жыл басынан бері белгілі жұмыстар жүргізілуде: жазушының 120 жылдығына орай "Мүсірепов шығармашылығының даралығы" тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, жазушының шығармашылығы туралы әңгіме, викторина, әдебиеттерге шолу жасалып, бейнеролик жасалды. "Тұғыры биік тұлға" тақырыбындағы атты әдеби кешке Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі, медициналық колледж және экономика және құқық колледжінің студенттері шақырылды. Жазушының өмірбаяны және шығармашылығымен танысқан студенттер жазушының "Қазақ солдаты", "Ана туралы аңыздар", "Ер Ана", "Ақлима" шығармаларынан үзінділер оқып, оның атақты "Қызқарағай" әнінің шығу тарихымен танысты. Студенттер Ғабит Мүсіреповке арналған арнау өлеңдерін : М.Мақатаевтың "Ғабана", Ғ. Қайырбеков "Сағындым Ғабенді" оқыды. Мүсірепов шығармаларын оқуға Арқалық медициналық колледжінің студенті Елеусизова Ақерке, экономика және құқық колледжінің студенті Қалдыкерім Ақниет, Н Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері белсене қатысты: Сәлімжан Гүлбақыт, Сайлаубай Аружан, Әбдібекова Гауһар, Мұқан Аяулым, Сейітбекова Ақерке, Дерібсалды Ақерке, Баженова Динара, Байсалбай Зарина. Кешке қатысушылар өздеріне рухани байлық алып, жазушы Ғабит Мүсірепов жайлы көптеген деректермен таныс болды. Ғабит Мүсіреповке арналған іс шаралар әліде болашақта жалғасын табады.

« Батыр – елдің қорғаны »

Кенесары ханның сенімді серігі, тарихи тұлға, тәуелсіздік жолындағы



күрескер батыр Жәуке Назарғұлұлының туғанына биыл 200 жыл. Батыр бейнесі адамзат үшін өмірдегі ұлылыққа, шындыққа және адамгершілікке деген биік сенімді орнықтырады. Осыған байланысты оқу залы бөлімі «Батыр – ел қорғаны» атты тарихи кеш өткізді. Кешке Арқалық қаласының құрметті азаматы, белгілі өлкетанушы Шөптібай Байділдәұлы, Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Ғабпасұлы, батырдың тікелей ұрпақтары Еркетай апай мен

Өміртай ағамыз, «Дала өлкесі тарихы» мұражайының ғылыми қызметкері Батырлан Сағынтаев қатысып, есімі ұрпақтарына ұран болған Жәуке батырдың шыққан тегу мен ерліктері жайында сөз етті. Республикалық байқаудың жүлдегері, ұстаз Қазымбек Қуаныш әйгілі Нұрхан ақынның «Ұры қарға» дастанын орындап берді.



«Тұнған тарих иесі»

Өлке тұлғаларын уақытылы жастарға насихаттау, кейінгі ұрпаққа үлгі болар



Орекен Алматылының өмірі мен атқарған еңбегінен сыр шертіп қазақ жастарына үлгі ету, қалың оқырман қауымға насихаттау мақсатында әдістеме-библиография бөлімі өлкетанушы, тарихшы, шежіреші, абыз қария, «Қазына» атты ардагерлер ансамбілінің белсенді мүшесі Орекен Алматылының 85 жылдығына арналған «Тұнған тарих иесі» атты жаднамаңың тұсаукесерін өткізді. Іс-шараға Орекен ағамыздың туған қарындасы, елімізге

танымал Социалистік Еңбек Ері Жексенбай Қондышұлының келіні Тыныштық Алматықызы, Арқалық қаласының құрметті азаматы, өлкетанушы Шөптібай Бәйділдаұлы, Арқалық қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ардагер-ұстаз Жәнібек Ғапбасұлы, баласы Нұрхафиз Орекенұлы, келіні Сәуле Ахметқызы қатысты. Жаднама Орекен Алматылының өмірдеректері, шығармалары, естелік суреттері, жылы лебіздері, арнау өлеңдермен қамтылып және бейнефильмдер көрсетілді. Іс-шара қонақтары Орекен Алматылына қатысты деректермен бөлісіп, сағынышпен еске алып жылы лебіздерін білдірді. Тұсаукесердің ән шашуын Жақан Нұрислам «Батырлар ұраны» әнімен бастап, Нұрхафиз Орекенұлының «Әкеге арнау» әнімен қорытындыланды.




3 бөлім

Мерейтойлар

«Мүсіреповтың шығармашылығының даралығы»

Қазақтың халық жазушысы, драматург, сыншы, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР ҒА академигі, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсіреповтың туғанына 120 жыл толуына орай, «Мүсіреповтың шығармашылығының даралығы» атты бейнешолу ұсынылды.



«Өнер әлеміндегі өнегелі тұлға»



Сазгер-күйші, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Өмірбеков Жұмағали Сүлейменұлының 80 жылдығына арналған «Өнер әлеміндегі өнегелі тұлға» атты тақырыпты көрмеге онлайн-шолю.




« Дала академигі »

Торғайдың құрметті азаматы, шежіреші, абыз ақсақалы Орекен Алматылының 85 жылдығына орай "Дала академигі" атты тұлғатану айдары ұсынылды.



« Ауғанстанның ащы естелігі »



Балалар әдебиет бөлімі «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің психоневрологиялық ауруы бар мүгедек балаларға және психоневрологиялық ауруы бар 18 жастан асқан мүгедектерге арналған күндізгі болу бөлімшесінде Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай «Ауғанстанның ащы естелігі» атты ерлік сағатын өткізді.



«Тәуелсіздіктің дара жолы»

2022 жылғы 10 ақпанда абонемент бөлімінде жылдың басты көрмесінің ашылуы өтті. Көрменің ашылуына Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері мен оқытушылары шақырылды. Биылғы жылдың тұрақты кітап көрмелерінің басты тақырыптары: «Тарихтан тағылым-өткенге тағзым» - саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнінің 25 жылдығына арналған, «Ел рәміздері-ел рухы»-ҚР Мемлекеттік рәміздерінің бекітілгеніне 30 жыл, «Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті»- ҚР Қарулы Күштерінің құрылуының 30 жылдығына арналған. Экскурсия барысында студенттерге жыл сайынғы дәстүрлі «Бір ел - бір кітап»акциясы туралы айтылды. Биылғы жылы жалпы ұлттық оқуға Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары таңдалды.



А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған «Ұлт мақтанышы», «Алаш арыстарының нағыз жоқтаушысы» Қайсар Әлімнің туғанына 75 жыл, «Мүсірепов шығармашылығының даралығы»- жазушы Ғабит Мүсіреповтың 120 жылдығына арналған тақырыптар бойынша кітапханашылар аталған көрмелерге шолу жасалды.



« Сұлу сөзбен сырлы мінез »



Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залында көрнекті қаламгер, драматург, Қазақстанның халық жазушысы Сафуан Шаймерденұлының 100 жылдығына арналған «Сұлу сөзбен сырлы мінез» тақырыбында «Кітап әлемі» жоба аясында әдеби сағат өткізілді. Әдеби сағатта өнегелі өмір жолы мен артына қалдырған бай мұрасы, қазақ әдебиетінің барлық жанрын дамытуда аянбай еңбек

еткені үшін алған марапаттары жөнінде мәліметтер беріліп, жазушыны көзі көрген аға буындарымыздың жылы лебіздерін бейнеролик арқылы тамашалады. Іс-шарада Н. Құлжанова атындағы Торғай-гуманитарлық колледжінің студенттері Сайлаубай Аружан, Мұқан Аяулым, Дерібсалды Ақерке жазушы жайлы зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне тоқталды. Әдеби сағатымыздың соңында кітап көрмесіне шолу жасалды.



« Арқаның арқалы перзенті »

Өнер секторының ұйымдастырумен политехникалық колледжінің жатақханасында "Торғай топжарғандары" аясында жазушы-журналист, Мыржақып Дулатов атындағы сыйлықтың иегері Қайсар Әлімнің 75 жасына арналған "Арқаның арқалы перзенті" тақырыбында іс-шара өткізілді. Жазушының өмірдерегі, шығармашылық жолы, жеткен жетістіктері әңгімеленді. Жерлесіміз 24 кітаптың авторы, 8 томдық шығармалар жинағы және оның әдеби жазбасымен әртүрлі мамандық иелерінің атынан 5 кітап республикалық баспалардан жарық көрді. Жазушының адами қасиеттері, елге деген сүйіспеншілігі, ұрпағы да сөз болды.



« Білімнің шырағы, сұлулықтың шынары »



Биыл, қазақ руханияты мен мәдениеті тарихында өшпестей із қалдырған, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, Нәзипа Сағызбайқызы Құлжанованың туғанына 135 жыл. Осы айтулы датаға орай, оқу залы бөлімі заманынан озық туған, алаштың қайраткер азаматтарының бірі Нәзипа Сағызбайқызы Құлжанованың өмірін

үлгі етіп, шығармаларын насихаттау мақсатында «Білімнің шырағы, сұлулықтың шынары» атты портрет кешін өткізді. Кешке қаламыздағы іргелі оқу орындарының бірі Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері мен ұстаздары қатысты. Нәзипа киелі Торғай жерінде дүниеге келіп, білім алса, қазақтың талай зиялыларын қанаттандырып ұшырған білім ұясы Семейде қазақ жастарының білім алуына септігін тигізді. Кеш барысында Абай музейімен байланысқа шығып Н.Құлжановаға арналған бұрышты экран арқылы тамашалады.



« Қиядан шалған қыран »



Қазақ халқының ардақты ұлы, авиация генерал-майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» ордерінің игері Талғат Жақыпбекұлы Бигелдиновтың туғанына 100 жыл толуына орай «Қиядан шалған қыран» атты патриоттық сағат өтті. Іс-шараның мақсаты ұшқыш жауынгер Талғат Бигелдиновтың ерлік істері туралы әңгімелей отырып, өмір жолын, ерлігін танытып және үлгі-өнеге

түту. Елін, жерін қорғаған батырларды құрметтеуге және олардың ерлігін мақтаныш етуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.



«Сырлы өлеңнің Сұлтаны»

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап-ғылыми кітапханасының оқу залында абонемент бөлімі талантты ақын, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Сырбай Мәуленовтың 100 жылдығына арналған «Сырлы өлеңнің Сұлтаны» атты поэзия кешін өткізді. Іс-шарада студенттер мен келген қонақтар ақын Сырбай Мәуленовтың өнегелі өмір жолы мен артына қалдырған бай мұрасы туралы, қазақ әдебиетінің барлық жанрын дамытуда аянбай еңбек еткені үшін алған марапаттары жөнінде мәліметтерді ала отырып, ақынның кейбір өлеңдеріне жазылған әндерін және жазушыны көзі көрген аға буындарымыздың жылы лебіздерін бейнеролик арқылы тамашалады. Сырбай Мәуленовтың жырлары – әр адамға күш-қайрат, рух беретін өзгеше бір әлем. Аталған іс-шараға Бирмаканова Жанар Хамитқызының жетекшілігімен Н.Құлжанова атындағы Торғай-гумманитарлық колледжінің студенттері Сәлімжан Гүлбақыт, Сайлаубай Аружан, Төлеміс Нұршат, Болат Ақерке, Сапабекова Нұрай, Мұқан Аяулым, Дерібсалы Ақерке, Жетпісбай Адина Байсалбай Зарина, Фазыл Аружан қатысты. Кеш соңында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы бастауыш мектеп гимназиясының 2 «а» сынып оқушысы Жақан Нұрислам «Батырлар ұраны» атты ән шырқады. Поэзия кешіне қатысқан қатысушыларға марапаттар мен алғыс хаттар берілді. Іс-шара оқырмандарымызды рухани байытқан кеш ретінде есте қалды.



«Өр рухты - қазақ болмысы»



Өнер секторының ұйымдастыруымен Арқалық политехникалық колледжінің № 2 жатақханасының жастары арасында белгілі сәулетші және қоғам қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР Мемлекеттік елтаңбасының авторы Шота Уәлихановтың 90 жылдығына орай «Өр рухты - қазақ болмысы» тақырыбында тарих керуені өткізілді. Шара барысында, талант иесінің өмірі мен еңбектері әңгімеленді. Ол 20-дан

астам монумент пен ескерткіштердің, қоғамдық ірі ғимараттардың, сонымен қатар өлеңдер мен пьесалардың, сәулет пен өнер туралы сараптама мақалалардың авторы. Сәулетші көп қырлы таланты мен қайталанбас адами қасиеттерінің арқасында әйгілі тұлғаға айналғаны сөзсіз.



« ҰЛТЫНЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН »



Жазушы, журналист, қоғам қайраткері Сералин Мұхамбетжанның туғанына 150 жыл толуына арналған "Ұлтының қамын ойлаған" атты жаднамаға онлайн шолу жасалды.

« МӘНГІЛІК ҚАЗЫНА ҚОЙМАСЫ »



Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының құрылғанына 50 жыл мерейтойына арналған «Мәңгілік қазына қоймасы» атты жаднамаға онлайн шолу жасалды.

« Тұнған тарих иесі »



Әдістеме-библиография бөлімі жазушы, өлкетанушы Орекен Алматұлының туғанына 85 жыл толуына арналған «Тұнған тарих иесі» жаднама дайындалды.

«Болашаққа үміт, жастарға сенім ұялатқан білім ордасы»



Халыққа білім беру жүйесі қай кезде болмасын қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігіне байланысты. Елімізде жоғары оқу орындары педагог мамандарын дайындау ісін дамытуға кең жол ашылған. Қаламыздағы АрПИ бүгінгі күнде Торғай өңіріндегі жастардың болашағы үшін атқаратын рөлі зор болып тұр. Қазақтың ғалым педагог-ағартушыларының ірі өкілдерінің бірі, қазақ даласында алғаш болып, білім қоңырауын соққан ағартушы-педагог, балалар әдебиетінің атасы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері, тіл тазалығы үшін күрескен Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтына 50 жыл толуына арналған Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі «Болашаққа үміт, жастарға сенім ұялатқан білім ордасы» атты библиографиялық көрсеткішті оқырмандар назарына ұсынып отыр. Библиографиялық көрсеткіш шығарудағы мақсат: Жоғары оқу орынның педагог мамандарын дайындау ісін дамыту, білім беретін оқу орынның тарихын насихаттау. Көрсеткіштегі материалдар қазақ тілінде әзірленген. Әдебиеттер тізімі хронологиялық ретпен орналастырылып, көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген. Библиографиялық көрсеткіш барша оқырман қауымға арналған.

4 бөлім

Жаңалықтар мен оқиғалар

« 8 – наурыз Халықаралық әйелдер күні »



8 – наурыз Халықаралық әйелдер күнінің құрметіне орай Арқалық қаласы әкімінің Алғыс хатымен Мусаева Биба Қабылдаевна марапатталды. Биба Қабылдақызы "Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасында көп жыл жұмыс істеді. Биба Қабылдақызын марапатпен құттықтаймыз және оған зор денсаулық, мол бақыт, отбасына амандық тілейміз!



« Үздік облыстық маңызы бар кітапхана қызметкері »



Құрметті Дариха Төребайқызы!
Қашанда қызығы мен қиындығы қатар жүретін бұл өмірдің бұлтарысы көп, бұралаң ұзақ жолында таңдаған мамандығыңыздың қыры мен сырын шебер меңгеріп, кітапхана басшысы болып қызмет етіп келесіз. Бойыңыздағы еңбекке адал, мақсатқа берік қасиеттеріңіздің арқасында «Үздік облыстық маңызы бар кітапхана қызметкері» номинациясы бойынша жеңіп алған марапатыңыз құтты болсын! Тынымсыз еңбек етіп, нақты істер атқарып жүрген өзіңіздей білікті

мамандарымыздың қатары көбейе берсін дей келе, сізге таусылмас төзім мен сарқылмас сезімді серік етіп, мықты денсаулықтың арқасында баянды да бақытты ғұмыр кешуді тілейміз!

« Ел тарихындағы жаңа белес »

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясында ҚР Конституциясына енгізілетін өзгерістер бойынша республикалық референдум өткізуді ұсынды. Бұл ағымдағы жылдың басты саяси жаңалықтарының бірі әрі Қазақстан халқы үшін тарихи шешім қабылдайтын сәт. Арқалық қаласындағы облыстық # 2 әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкерлері арасында референдумға байланысты "Ел тарихындағы жаңа белес" тақырыбында отырыс өткізілді. Шара барысында, референдумның маңызы мен мақсаты, енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасы сөз болды. Іс-шарада қаладағы референдумға байланысты құрылған белсенді топтың мүшесі Дархан Амантайұлы, кітапхана басшысы Қазына Байсабекқызы мен кітапхана қызметкері Алмагүл Әдімәнқызы сөз сөйлеп, көпшілікті өз азаматтық мүмкіндіктерін пайдалануға үндеді.



« Қала әкімінен алғыс хат »



Қазақстанның мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні жыл сайын көктемде - 21 мамырда атап өтіледі. Бүгін мерекеге орай жасөспірімдер театрында салтанатты іс-шара өтті, оған шығармашылық саланың өкілдері шақырылды. Қала әкімі Ә. Б. Асанов құттықтау сөз сөйледі: - Бізде кәсіби мерекелер көп, бірақ мәдениет және өнер саласындағы қызметкерлерсіз бірде - бір мереке өтпейді, - деді қала басшысы. - Мен сіздерді шын жүректен құттықтаймын, зор денсаулық, бақыт, амандық тілеймін. Қала әкімі кітап қорын толықтыру және өңдеу секторының кітапханашысы Ермағанбет Сәуле Ғалымжанқызына құрмет грамотасын және балалар әдебиеті бөлімінің меңгерушісі Есмағамбетова Сандуғаш Қазбекқызына Қостанай облысы мәдениет басқармасының басшысы Е. Б. Қалмақовтың грамотасы табыстады. № 2 ОӘФК ұжымы өз қызметкерлерін марапаттармен құттықтайды және зор денсаулық, амандық, шығармашылық шабыт, кәсіби қызметте жаңа жарқын жетістіктер тілейді.



«Мен оқыған газет»



Газет-журнал тарих сындарынан сүрінбей өтіп, біздің заманымызға дейін жеткен адамзаттың ең асыл рухани қазыналарының бірі. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек» деген. Сөздің ұлысы – тарих болса, газет – тарихтың бірінші көзі. 25 маусымда өңіріміздің басты басылымы «Қостанай таңы» газетінің шыққанына 100 жыл толады. 100 жылдық тарихында «Қостанай таңы» газеті елдегі игі жаңалықтар, танымдық мақалалармен қатар асыл дінімізді дәріптеп, руханиятымызды түгендеп келе жатқан басылым. Төл басылымның 100 жылдығына орай Арқалық қаласындағы № 2 ОӘФК оқу залында «Мен оқыған газет» атты дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараға Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Гапбасұлы, Аманат партиясының Арқалық филиалы жанындағы Штаб төрағасы – Сабыржан Тасмағанбетов, Қоғамдық комитеттің төрағасы – Арыстан Айтмағанбетов, «Қостанай таңы» газетінің меншікті тілшісі Мұрат Жүнісұлы және кітапханамыздың тұрақты оқырмандары зейнеткер Мырзахан Сейдахметұлы мен Бөлтірік Мыржықов қатысты.



« Кітапхана-даналық мектебі »

21-мамыр Қазақстанның мәдениет және өнер өкілдерінің кәсіби мерекесі. Атаулы мәдениет және өнер қызметкерлері күні аясында 19 мамыр күні № 2 ОӘҒК-да «Кітапхана-даналық мектебі» атты кітапхана күні аталып өтті. Кешімізге арнайы шақырылған қауым № 2 ОӘҒК-ның қызметкерлерін мәдениет пен өнер қызметкерлері күнімен құттықтау үшін жиналды. Осы орайда, кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен мерекелік және шығармашылық бағдарлама дайындалып, қала жұртшылығынан бейне құттықтаулар тындалды. Іс-шара аясында кітапхана өміріне белсенді атсалысып, кітапхана ісін үнемі қолдап, аядай мекенімізге қамқорлық таныта білген абзал жандарға алғыс хаттар табыс етілді. Кітапхана басшысы Қ. Б. Бөрібаеваның қолынан, қаланың құрметті азаматы, өлкетанушы, ою-өрнек қолданбалы өнер шебері Ш. Байділдин, қалалық Аналар кеңесінің төрағасы Б.А. Қалтаеваға алғыс хат табысталды. Театрдың директоры Н. Қасжанов, кітапхана ісінің ардагері А. Ермағамбетова кітапхана атына құттықтауларымен жылы лебіздерін білдірсе, біздің бұрынғы оқырмандарымыз –қазіргі музей қызметкерлері атап айтсақ: Қостанайдағы Ы.Алтынсарин атындағы музейдің ғылыми қызметкері Салтанат Өтелбай, және Нұр-Сұлтан қаласындағы С. Сейфуллин атындағы мұражай қызметкері Елдос Тоқтарбай өз ризашылықтарын білдіре отырып, бейне құттықтаулар жолдады.



5 бөлім

Болашаққа жоспар

Әдістеме-библиография бөлімі

Ағартушы-педагог, журналист, аудармашы Нәзипа Құлжанова туғанына 135 жыл толуына орай арналған «Ағарту ісінің қарлығашы» атты библиографиялық көрсеткіш.

Ақын, Қазақстан халық жазушысы, қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың туғанына 80 жас толуына арналған «Жыр жүректің жауһары» атты библиографиялық көрсеткіш.

Шаруашылық және қоғам қайраткері, Қазақ КСР кәсіптік-техникалық білім беру ісінің үздігі Досжанов Хамит Кәмәліұлы, туғанына 85 жас толуына арналған «Өлкенің біртуар нар тұлғасы» атты жаднама.

Мемлекет қайраткері, ғалым, ағартушы, ақын, публицист, ұлттық жазудың реформашысы, қазақ лингвистикасы мен әлебиеттану ғылымының негізін қалаушы, ХХ ғ. Басындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі Байтұрсынұлы Ахмет, туғанына 150 жыл толуына арналған «Ұлт ұстазына тағзым» атты библиографиялық көрсеткіш.

Оқу залы

Елорда күніне арналған «Есіл жағасындағы - ғасыр қаласы» тақырыбында зияткерлік ойын.

«Еңсесі биік Елорда – татулық бесігі» тақырыбындағы Елорда күніне арналған библио – микс.

Өнер бөлімі

Композитор, КСРО Халық әртісі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Еркеғали Рахмадиевтың туғанына 90 жыл толуына орай «**Өнеге тұтар тұлға**» атты танымдық-музыкалық сағат.

«**Спорт – бейбітшілік елшісі**» тақырыбындағы ақпараттық бейнешолу.

Абонемент бөлімі

«Үздік өлкетанушы Шөптібай Байділдаұлымен» жобасы аясындағы «**Оюмен ой айтқан елміз**» тақырыбындағы ою – өрнек бенефисі

Балалар әдебиеті бөлімі

«**Спорт – верный спутник**» атты интеллектуалдық викторина.

«**Салауатты ұрпақ – тәуелсіздік тірегі**» атты денсаулық сағаты.

КММ Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы

Құрастырушы: Ерман Ж.Т.

Редактор: Ахметжанова А.Қ.

Басылымға жауапты: Борибаева Қ.Б.

Компьютерлік терілім: Ерман Ж.Т.

Біздің мекен – жайымыз: Арқалық қаласы, Абай көшесі, 62

Телефон: 8 (71430) 7 – 09 – 16

Эл.почта: arkounb@mail.ru

Библиодайджестің шығуы

Жылына екі рет

Таралымы: 5

Көлемі: 0,3